

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Бағыт: Құқықтану
Шифр: 5В030100
Пән: Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары

ДӘРИСТЕР ТЕЗИСТЕРІ

Құқық қорғау органдары курсының пәні, оқу әдсі, жүйесі, оның басқа оқу пәндерімен ара қатынасы. Құқық қорғау органдары пәнінің негізгі ұғымдары.

1. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары пәнінің **маңызы** басқа заң салаларын оқып үйренуге, зерттеуге кіріспе курс сипатында болуымен анықталады. Өйткені, құқықтың белгілі бір саласын зерттеу мен оларды әр түрлі ұйымдардың, соның ішінде құқық қорғау органдарының қызметін іске асырудан бұрын сол мекемелердің, ұйымдардың, органдардың құрылысын зерттеп білу қажет. Құқық қорғау органдарының құрылысын ұғынып алғаннан кейін олардың заңдылық пен құқық тәртібін сақтау жөніндегі қызметінің түрлерін, ерекшеліктерін терең де дұрыс меңгеруге болады. Сондықтан да бұл пән жоғарғы оқу орындарында басқа да көпетеген заң пәндерінен бұрын оқытылады. Бірақ бұл пәннен бұрын студенттер Мемлекет және құқық теориясы мен Конституциялық құқық пәндерін өтуге міндетті, себебі көптеген құқықтық негізгі ұғымдардың мәнін жете түсінбейінше, игермейінше бұл пәнді түсіну, оқып үйрену қиынға түседі.

Сот, прокуратура, адвокатура, ұлттық қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, мен жедел іздестір қызметі, тергеу органдары жетілдіріліп жаңа сапаға ие болуда. Азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңдары бірінғай жүйеге келтіріліп біріктірілуде. Осылардың бәрі заңгерлер даярлайтын жүйенің оқу жоспарларында көрсетілген оқу курстарының зерттеу тақырыбы, объектісі, **яғни пәні** болып табылады. Әрбір ғылымның, оқу курсының зерттейтін өз объектісі, өз тақырыбы, **өз пәні болады**. Қазақстан Республикасындағы құқық **қорғау органдары пәнінің негізгі мақсаты** сот, прокуратура, адвокатура Әділет органдары, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Ішкі істер органдарының, адвокатураның атқаратын міндеттері мен қызметін, олардың құрылу принциптерін және жалпы жүйелері мен жеке буындарын зерттеу. Адвокаттардың қызметі соттармен тығыз байланысты, себебі олар заңда белгіленген тәртіп бойынша айыпкердің мүддесін қорғауға және оған заң көмегін көрсетуге өкілетті, яғни, азаматтық немесе қылмыстық істерді сот мәжілісінде қарағанда қатысады, сотқа түсетін біраз құжаттарды дайындайды. Сондықтан адвокатураның міндеті мен құрылымын, адвокаттар алқасына мүше болу тәртібін, адвокаттың мәртебесін осы оқу пәні зерттейді. Соттардың азаматтық істер жөніндегі шешімдерінің, қылмыстық істер жөніндегі үкімдері мен қаулыларының орындалуын сот орындаушылары қадағалайды. Олардың негізгі қызметі жөнінде басқа оқу курстарында сөз болады да, судьяларға өкілеттіктер беру тәртібі, өкілеттігін тоқтата тұру тәртібі, судьяның орнынан түсуі, судьяға қойылатын талаптар, судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар тғы сол сияқты мәселелер осы курста айтылады.

ҚР Конституциясында Соттар және сот төрелігі деген арнайы бөлім бар. Мемлекеттік биліктің ішінде сот билігі ерекше орын алады. Бұл курста да біз сотқа ерекше тоқталамыз, яғни ҚР сот жүйесі, соттарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату, судьяның тәуелсіздігі, судья тәуелсіздігінің кепілдіктері, судьяның мәртебесі т.с.с. Сот құрылысы нормалары соттардың құрылуын ғана реттейді, ал олардың сот әділдігін жүзеге асыру жөніндегі қызметі қылмыстық істер жүргізу және азаматтық істер жүргізу құқықтарымен реттеледі, ал бұл курста осы пәнді оқытуда кездесетін негізгі ұғымдардың түсініктері ғана беріледі.

Прокурорлық қадағалау нормалары прокуратураның ұйымдастырылуын ғана емес, оның атқаратын қызметін де реттейді, сондықтан да бұл курста оның құрылысы ғана зерттеледі, Прокуратураның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау пәнінде жан-жақты зерттеледі.

Сонымен ҚР құқық қорғау органдары курсына тікелей зерттелетін тақырыптар: ҚР Сот жүйесі, судьялардың құқықтық жағдайы, соттық қадағалау, сот әділдігі және оның белгілері, сот билігі, бірінші сатыдағы сот, апелляциялық сатыдағы сот, қадағалау сатысындағы сот, прокурорлық қадағалаудың түсінігі, апелляцияның түсінігі т.с.с.

ҚР құқық қорғау органдары пәнінің жүйесі осы пәнде зерттелетін өзара байланысты мәселелер жиынтығынан құралады, ол мынандай тақырыптардан тұрады:

1. ҚР құқық қорғау органдары пәні және негізгі ұғымдар;
2. Сот әділдігі және оның демократиялық негіздері;
3. ҚР сот жүйесі;
4. Аудандық және оған теңестірілген соттар;
5. Облыстық және оған теңестірілген соттар
6. ҚР Жоғарғы Соты
7. Судьялардың құқықтық жағдайы
8. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі
9. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру
10. Соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету
11. ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі
12. ҚР Прокуратурасы
13. Прокуратураның құқықтық негіздері
14. Прокуртаура органдарының жүйесі
15. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі
16. ҚРАдвокатура
17. ҚР Әділет органдары
18. ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары

Ғылымның зерттеу, ал әрбір пәннің оқу әдісі болады. Дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын тәжірибе және теория жүзінде игеруге немесе өзгертуге бағытталған таным қағидаларының жиынтығын, зерттеліп отырған объект жөніндегі мәліметтерді, ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесін ғылымның зерттеу немесе пәннің оқу әдісі дейміз.

ҚР құқық қорғау органдары пәнінің әдісі – шынайы ақиқаты әдіс. Дүниедегі барлық құбылыстардың бір бірімен өзара шексіз қарым-қатынаста, байланыста болатынын, табиғат пен қоғамның және ойдың үнемі қозғалыста, дамуда болуы олардың өздеріне тән қайшылықтарының себебінен екенін ақиқат деп есептейміз.

ҚР құқық қорғау органдарының басқа оқу пәндерімен ара қатынасы

2. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары курсының басқа да заң пәндерін зерттеуде алатын орны мен маңызы ең алдымен оның қоғамдық ғылым және құқықты зерттейтін заң ғылымы екендігімен анықталады. Ол басқа да қоғамдық ғылымдармен байланысты және бұл пән құқықтық сипаттағы пән болып табылады, өйткені онда мемлекеттің құқық нормалары негізінде ұйымдастырылған **заң мекемелері** зерттеледі. Құқық қорғау органдарының құрылысын айқындайтын құқық салалары мен нормалары басқа да құқық салаларымен өзара байланысты, сол арқылы құқықтық ғылымдардың, демек, заң пәндерінің өзара байланысы үшін негіз жасайды.

Бұл пәннің **азаматтық істер жүргізу, қылмыстық істер жүргізу және прокурорлық қадағалау, адвокатұра** курстарымен өзара байланысы ерекше маңызды, себебі Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары пәні аталған курстарды

оқып-үйренуге негіз салады, бастама болады. Егер бұл курста құқық қорғау органдарының ұйымдық құрылысы зерттелсе, аталған пәндерде студенттер алған білімдерінің негізінде соттың азаматтық және қылмыстық істерді қарау, прокуратураның заңдылықты қадағалау жөніндегі қызмет тәртібін меңгереді. Оқу пәндерінің осындай ара қатынасы жағдайында өздері үшін ортақ мәселелердің болуы ғана емес, сонымен қатар әрбір пәнде олардың тиісті өз қырларының зерттелетіні немесе сөз болатыны табиғи нәрсе. Мәселен, ҚР құқық қорғау органдары, Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық іс жүргізу курстарында республикамыздағы сот билігі мен сот әділдігінің міндеттері, соттың ұйымдастырылуы және оның қызметінің принциптері, әртүрлі деңгейлердегі қылмыстық және азаматтық істерді соттың қарауы туралы ұғымдар және басқа мәселелер зерттеледі. Прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметінің принциптері, олардың міндеттері мен құқықтары осы пәнде де, ҚР прокурорлық қадағалау курсына да баяндалады.

ҚР құқық қорғау органдары пәні Әкімшілік құқық пәнімен де тығыз байланысты, ол әсіресе соттардың қызметін ұйымдық жағынан қамтамасыз ету және Ішкі істер министрлігінің құрылысы мен қызметі мәселелерін зерттегенде айқын көрінеді. Әкімшілік құқық курсына соттарға ұйымдық басшылық ісі барлық мемлекеттік басқару салаларының құрамында зерттеледі, ал бұл курста соттарға Әділет министрлігі тәрпынан арнайы басшылық жасау тұрғысынан баяндалады. Біздің курста Ішкі істер министрлігінің ұйымдық құрылысы қаралса, Әкімшілік құқық пәнінде оның қызметі басқа да мемлекеттік басқару салаларының құрамында зерттеледі.

Сот билігі мен сот әділдігінің жалпы сипаттамасы. Прокурорлық қадағалау туралы ұғым. Құқық қорғау органдары мен ұйымдары.

3. Мемлекеттің барлық органдарының және әр түрлі қоғамдық ұйымдардың жұмысы заң шеңберінде жүзеге асырылады және заңдылық негіздерін орнықтыру мен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі. Көптеген мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар мемлекеттің құқық қорғау функциясын орындаумен ғана айналысады. Құқық қорғау қызметінің бағыттары алуан түрлі, ең бастылары: сот билігі, сот әділдігі, қылмыстық істерді анықтау, тергеу, прокурорлық қадағалау және т.б.

Сот билігі деген ұғымға түсінік бермес бұрын мынаны ескерген жөн: билік, өкім, өкімет деген ұғымдар бір мағынада қолданылады.

Мемлекеттік билік біреу, оған заң шығару билігін, атқарушы билікті, сот билігін қарсы қоюға болмайды, себебі бұлар мемлекет билігінің үш бұтағы сияқты, бұлардың әрқайсысы жеке өз өкілеттігі шеңберінде, басқаларын бақылай отырып, тежеу мен тепе-теңдік принципі негізінде, жұмыс істеулері қажет.

Сот билігі мемлекет билігінен туындайтын ұғым. Біздіңше сот билігі өкілеттігіне мыналар кіреді: соттық қадағалау, сот әділдігі, сот шешімдері мен үкімдерінің орындалуын қамтамасыз ету, сот тәжірибесін қорыта отырып заңдарды түсіндіру.

Мемлекетіміздің Негізгі заңына, яғни Конституцияға сәйкес, сот билігі Қазақстан Республикасы атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сондай-ақ Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Сот билігі деп мемлекет атынан, заңның үстемдігі мен әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында, бұзылған құқық пен бостандықты, әділеттікті қалпына келтіру, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын

қолдану мақсатында сот құзыретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктердің жиынтығын айтамыз.

Сот билігін тек сот қана жүзеге асырады және ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың сот істерін қарауға немесе бақылауға алуына болмайды, яғни сот функциясын ешкімнің иеленуге құқы жоқ. Сот адамның құқығы мен бостандығының, әділеттіктің, заңдылықтың, демократияның, азаматтық татулық пен келісімнің кепілі болуы керек.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Сот билігі ұғымымен сабақтас және одан туындайтын ұғымның бірі **сот әділдігі**. Тура мағынада алғанда сот әділдігі деп нақты фактілерге, өмірдегі оқиғаларға, адамдардың іс-қылығына құқық нормасын қолдануды айтады. Бұл жалпылама түсінік.

Бұл күрделі ұғымның барлық белгілерін анықтау үшін біз заңды талдауымыз керек, өйткені сот әділдігі заңға дәлме-дәл сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде соттың заңды күшіне енген үкімінсіз, ешкім де қылмыс жасаған деп айыпталуға, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартылуға тиіс емес, яғни қылмыстық жаза тек сот үкімі бойынша ғана қолданылады.

Сот – ҚР сот жүйесіне кіретін, қылмыстық, азаматтық істерді жеке немесе алқалық тәртіпте қарайтын заңды түрде құрылған мемлекеттік орган.

Судья – жеке немесе алқа құрамында заңда белгіленген процессуалдық тәртіппен сот істерін қарап, кінәсіз адамдарды жауапкершіліктен босатып, ал кінәлі адамдарға айыптау үкімін шығаратын, қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолданатын, тәуелсіз, тек заңға ғана бағынатын, ерекше өкілетті биліктің өкілі.

Сот әділдігі дегеніміз – заңда белгіленген ерекше құқықты нысанда мемлекеттің арнайы құрылған органының, яғни соттың, азаматтық және қылмыстық істерді қарап шешуі арқылы жүргізілетін мемлекет қызметінің ерекше бір саласы.

Сот әділдігі мемлекеттік қызметтің басқа түрлерінен - өзгеше. Сот заңдылықты тек өзіне ғана тән әдістірімен қамтамасыз етеді және ерекше тәртіппен жұмыс істейді. Сот әділдігі мынандай белгілерімен сипатталады:

1. Сот әділдігін тек қана сот жүзеге асырады. Бұл, қағида сот әділдігінің принципі де болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды – мемлекетімізде сот істерін қараумен бірде-бір орган немесе қоғамдық ұйым айналыспайды, сот әділдігін жүзеге асыруға заң бойынша тек сот қана өкілетті.

2. Сот әділдігі заңда көрсетілген әдістермен көрініс танытады, яғни, біріншіден, сот мәжілістерінде азаматтардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға байланысты азаматтық істерді қарау және шешу арқылы; екіншіден, қылмыстық істерді қарау, сотталушының кінәлілігі туралы мәселені анықтау, қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамдарға заңда белгіленген жазалау шараларын белгілеумен, немесе кінәсіздерді ақтау жолымен жүзеге асырылады. Демек, сот мәжілісі – сот әділдігіне қол жеткізетін заңдық нысан (Судебное заседание является юридической формой выражения правосудии). Сот әділдігін жүзеге асырудың нақты жолы істерді сот мәжілісінде қарау.

Жасалған қылмыстарға байланысты қылмыстық істерді көбінесе прокурорлық - тергеу органдары қозғап, тергеу жүргізілгеннен кейін оларды қарау үшін сотқа жібереді. Сот өз үкімімен қылмыстық жауапқа тартылған адамдарды соттайды немесе ақтайды.

3. Сот әділдігі заң негізінде және оған мүлтіксіз сәйкес жүзеге асырылады. Сот қызметінің заңға сәйкестігі сот әділдігінің ерекше белгісі, сонымен қатар сотты ұйымдастыру мен оның қызметінің принципі болып табылады.

Егер сот қолдануға болмайтын заңға жүгінсе немесе тиісті заңды қолданбаса, не заңды теріс түсіндіріп, соның салдарынан соттың тұжырымдары заңның нақты мағынасына қайшы келсе, шешім немесе үкім заңсыз болып, оның күші жойылуға тиіс.

4. Сот әділдігінің тағы бір белгісі оның іс жүргізудегі процессуалдық нысанында.

Сот қызметі нақты деректерді, материалдарды, дәлелдемелерді зерттеумен, көптеген адамдардан жауап алумен, іске қатысқан кезде олардың құқықтарын қажетті түрде қамтамасыз етумен байланысты. Соттың бұл іс-қимылының бәрі заңды және негізделген шешім шығаруды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Сондықтан да, соттың азаматтық және қылмыстық істерді қарау жөніндегі бүкіл қызметі іс жүргізу заңдарымен қатаң реттелген. Сонымен, сот әділдігі заңмен белгіленген нысанда – сот процессі нысанында жүзеге асырылады. Қылмыстық істерді қараған кезде сот қылмыстық істерге байланысты заңдарды басшылыққа алады, ал азаматтық істерді қарау мен шешу азаматтық істер жөніндегі заңдармен зерттеледі.

5. Сот әділдігінің аса маңызды белгісі – нақты бір істі қарағанда соттың әділдікті жүзеге асыра отырып, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануы. (Мысалы: айыппұл, бас бостандығын шекету, қамауға алу, бас бостандығынан айыру т.с.с.) болып табылады. Жасалған қылмыс үшін мемлекеттік күштеуді қолдануға заң бойынша тек сотқа ғана құқық берілген. Ол қылмыстық іс бойынша соттай отырып, сол арқылы сотталушыға қылмыстық заң санкциясы шеңберінде белгілі бір мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолданады.

Сот әділдігінің жоғарыда аталған ұғымдары мен белгілері оны мемлекеттік қызметтің барлық нормаларынан мейлінше айрықша етеді. Жоғарыда аталған сот әділдігінің белгілері сот қызметінің мемлекеттің басқа құқық қорғау органдарының қызметінен жоғары қойылатынын дәлелдейді.

Сот істерді қарау-шешу арқылы азаматтарды құқықтық тәрбиелеу ісіне қатынасып қана қоймай, қоғамның кейбір тәртіп бұзуға икем тұратын мүшелеріне де өз іс-әрекетімен көп әсер етеді, дұрыс жолға түсулеріне мүмкіндік жасайды. Басқа бірде-бір ұйымның немесе лауазымды тұлғаның сот сияқты өкілеттігі жоқ.

Соттық қадағалау – заңды күшіне енген, сот шешімдері мен үкімдерінің негізділігі мен заңдылығын тексеретін процессуалдық тәртіп.

Прокурорлық қадағалау дегеніміз ҚР Прокуратурасы Республика аумағында заңдардың, ҚР Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл және бірінғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыру арқылы жүргізілетін мемлекеттік қызметтің бір түрі.

Бірінші сатыдағы сот – қылмыстық немесе азаматтық істерді мәні бойынша қарайтын сот, яғни істің сотта алғашқы рет қаралуы (өз өкілеттігі шегінде республиканың кез келген соты бірінші сатыдағы сот бола алады).

Апелляциялық сатыдағы сот – бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген шешімдеріне, үкімдеріне, қаулыларына шағым, нарызлық бойынша істі қайта қарайтын екінші сатыдағы сот (ҚР Жоғарғы соты, облыстық және оған теңестірілген соттар).

Қадағалау сатысындағы сот – заңды күшіне енген сот шешімдеріне, үкімдеріне, қаулыларына, шағым, наразылық бойынша қылмыстық істі қадағалау тәртібінде қарайтын үшінші сатыдағы сот (ҚР Жоғарғы соты, облыстық және оған теңестірілген соттар).

Апелляция - заңды күшіне енбеген, сот шешімдері мен үкімдерінің негізділігі мен заңдылығын тексеретін процессуалдық тәртіп.

Буын – тең құқылы соттардың жиынтығы.

Инстанция – қылмыстық немесе азаматтық істердің сотта қаралу сатысы.

Заң актілері мен кейбір оқулықтарда құқық қорғау органдарының құрамында әдетте прокуратура, тергеу органдары, Әділет органдары, Ішкі істер органдары, Ұлттық қауіпсіздік органдары аталады.

Құқық қорғау органдарының өз ерекшелігі болуымен қатар, бәріне мынандай белгілер тән: бұл органдар демократиялық негіздерде құрылып, барынша жария түрде жұмыс істейді. Олар заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтар мен ұйымдардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған; оларға құқық бұзушылықтардан сақтандыру, құқықтарды қорғауға байланысты мәселелер мен істерді қарау жөнінде өкілеттіктер берілген; құқықтық мәселелердің сипатына қарай бұл органдар мен ұйымдарға заңдылықты қалпына келтіру және нығайту мақсатында тек сот қана қолданатын қылмыстық жазалау шараларына дейін мемлекеттік және қоғамдық ықпал ету жөнінде тиісті шаралар қолдануға өкілеттік берілген.

Сонымен құқық қорғау органдары дегеніміз өзінің бүкіл қызметімен заң негізінде және тиісті нысандарда демократиялық принциптер арқылы заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтан сақтандыру мен оның алдын алуға және заңдылықты бұзған адамдарға мемлекеттік күштеу немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға тиісті мемлекеттік органдар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының сот жүйесі - жалпыға бірдей демократиялық принциптер негізінде ұйымдастырылып, жұмыс істейтін, өзара байланысты соттардың жиынтығы. Оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты басқарады.

Осы ұғымды негізгі ала отырып, мемлекетіміздегі сот жүйесінің мынадай сипатты белгілерін атап өтуге болады:

1. Сот жүйесіне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотынан басқа, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңына сәйкес құрылған жергілікті соттар кіреді. Сот әділдігін тек қана соттың жүзеге асыруы принципіне сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттің өзге органдары мен ұйымдарының ешқайсысы сот жүйесіне енгізілмейді.

2. Еліміздегі соттар жиынтығының сот жүйесін құрайтын себебі, соттар бір-бірімен ұйымдық және функционалдық жағынан байланысты. Ұйымдық байланыстары сот құрылысы туралы заңдармен, ал функционалдық байланыстары сот ісін жүргізу заңдарымен – қылмыстық және азаматтық процессуалдық құқықпен реттеледі.

Ұйымдық тұрғыдан алғанда соттар бір-бірімен сот жүйесінің әртүрлі буындарының органдары ретінде байланысты. Бұл орайда еліміздің аумақтық құрылысы ерекшеліктері ескеріле отырып бір-бірімен өкілеттіктері теңестіріліген соттардың жиынтығы буын деп түсіндіріледі. Бірдей өкілеттік берілген соттар бір буынға біріктірілген.

3. Қазақстан Республикасының сот жүйесі демократизм принциптері негізінде ұйымдастырылып, жұмыс істейді. Соттар сот әділдігінің конституциялық принциптерінен және салалық заңдардан туындайтын, сот құрылысы, қылмыстық және азаматтық процессуалдық құқық нормаларында көрсетілген басқа да демократиялық принциптермен де ұйымдастырылып, жұмыс істейді.

Сонымен Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).

Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің бірлігі мыналармен қамтамасыз етіледі :

1. Конституцияда, осы Конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және біріңғай сот төрелігі принципімен;

2. сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген біріңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3. Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4. заңдарда судьялардың біріңғай мәртебесін баянды етумен;

5. заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

6. барлық соттарды тек қана республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Аудандық және оған теңестірілген соттар

Аудандық соттар сот жүйесінің негізгі буыны болып табылады.

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (аудандық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Аудандық соттың құрамы

Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бірқұрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

Аудандық соттың өкілеттігі

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот: өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасының өкілеттігі:

1. Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;

2) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;

3-1) аудандық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

6) өкімдер шығарады;

7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Аудандық сотта төраға, сондай-ақ судьялар болмаған жағдайда олардың міндеттерін атқару облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларына жүктеледі.

Аудандық сот төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқару облыстық сот төрағасының өкімімен осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Облыстық және оларға теңестірілген соттар

Облыстық және оған теңестірілген соттар сот жүйесінің ортаңғы буыны болып саналады.

1. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (облыстық соттар) уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

2. Облыстық соттар судьяларының жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Облыстық соттың құрылымы мен құрамы

Облыстық сот төрағадан және судьялардан тұрады.

Облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Облыстық соттың органдары:

1) жалпы отырыс;

2) апелляциялық сот алқасы;

3) кассациялық сот алқасы болып табылады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын төраға басқарады.

Сот алқасының сандық және дербес құрамын облыстық сот төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттың жалпы отырысы белгілейді.

Мамандандырылған құрамдарды облыстық соттың төрағасы жасақтайды.

Облыстық соттың өкілеттігі

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;

2) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

- 3) облыс соттарының әкімшісі қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық соттың төрағасының өкілеттігі

Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) сот алқасының және мамандандырылған құрамның отырыстарында төрағалық етуге құқылы;
- 3) облыстық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 5) соттың жалпы отырысының қорытындысы негізінде Жоғары Сот Кеңесіне судья қызметіне кандидаттың тағылымдамасының нәтижелері туралы қорытынды жібереді;
- 6) облыстық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- 7) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;
- 8) өкімдер шығарады;
- 9) сот кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 11) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда Жоғарғы Сот Төрағасы төрағаның міндетін уақытша атқаруды облыстық соттың сот алқасының төрағасына (судьясына) жүктейді. Облыстық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда міндеттердің атқарылуын жүктеуді облыстық соттың төрағасы жүзеге асырады.

Облыстық соттың сот алқасының төрағасының өкілеттігі:

1. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сот алқасы судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) сот төрағасына мамандандырылған құрам жасақтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) сот тәжірибесін зерделеу әрі жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 5) соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы хабарлама ұсынады;
- 6) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сот алқасының төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқалар судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың жалпы отырысы

1. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

- 1) тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;
- 2) облыстық сот төрағасы мен сот алқалары төрағаларының ақпаратын тыңдайды;
- 3) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 4) уәкілетті органға белгілі бір адамды облыс соттарының әкімшісі қызметіне тағайындауға келісімін береді;
- 5) облыс соттары әкімшісінің өз қызметі туралы есебін тыңдайды;
- 6) аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураларды қарайды және оның нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасайды;

7) уәкілетті органға облыс соттары әкімшісін қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

8) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және тиісті қорытынды береді;

9) сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазасы бар судьяға қатысты материалдарды Сот жириіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

10) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Жалпы отырыс облыстық сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады.

Облыстық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен анықталады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

ҚР Жоғарғы Соты жергілікті және басқа соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

Жоғарғы Соттың өкілеттігі:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) нормативтік қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме береді;

4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы

Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Жоғарғы Соттың органдары:

1) жалпы отырыс;

2) азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы;

3) қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын төраға басқарады.

Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді.

Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды.

Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттігі:

Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

жоғары сот органы ретінде Жоғарғы Сотты басқарады

сот алқалары мен мамандандырылған құрамның отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы және заңда көзделген негіздемелер бойынша қадағалау тәртібімен сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс жасау мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;

Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының және ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің кандидатураларын енгізеді;

қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа сот алқасының құрамында іс қарау үшін тартады;

Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

алқалардың жұмысын үйлестіреді;

Жоғарғы Сот Аппараты туралы ережені, оның құрылымы мен штатын бекітеді, сондай-ақ Аппараттың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

өкімдер шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті орган басшысының кандидатурасын ұсынады;

жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметінің бос орындарына кандидатураларды балама негізде соттардың тиісті жалпы отырыстарының қарауына енгізеді;

жергілікті және басқа соттардың жалпы отырыстарының шешімі негізінде аудандық соттардың төрағалары қызметінің бос орындарына кандидатураларды Жоғарғы Сот Кеңесіне ұсынады;

Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметіне кандидатураларды Жоғарғы Сот Кеңесіне ұсынады;

Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

осы Конституциялық заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, Жоғарғы Сот Кеңесіне Республика соттары төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс пен материалдар енгізеді;

Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

Республика судьяларына «Құрметті судья» атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

2006 ж. 11 желтоқсандағы № 199-III ҚР Конституциялық Заңымен алып тасталды (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) *(бұр. ред. қара)*

заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының (судьясының) біріне жүктейді.

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасының өкілеттігі:

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;
- 1-1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді;
- 4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпарат береді;
- 5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сот алқасының төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысының өкілеттігі:

Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;

сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер береді, нормативтік қаулылар қабылдайды және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

заңға сәйкес сот істерін қадағалау тәртібімен қарайды;

Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының хабарламасын тыңдайды;

Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

облыстық соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметінің бос орындарына кандидатураларды талқылайды және тиісті қорытындылар шығарады;

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыс Хатшысын және ғылыми-консультациялық кеңестің құрамын бекітеді, сондай-ақ жасырын дауыспен Сот жюриін сайлайды;

сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазалары бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

судья мантиясының нысаны мен сипатын бекітеді;

заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

Жоғарғы Сот жалпы отырысының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен белгіленеді.

Сот әділдігінің принциптері және оның жүйесі

ҚР Конституциясында сот әділдігінің демократиялық негіздері болып табылатын аса маңызды құқықтық қағидалар тұжырымдалған. Бұл принциптер мемлекетіміздің Негізгі заңында баяндалғандықын, сот әділдігінің конституциялық негіздері немесе принциптері де солардан туындайды.

Конституциялық принциптер соттың ұйымдастырылуы мен оның қызметін тікелей реттеп отыратын құқықтық норма болып табылады. Бұл нормаларды оларға қатысты

адамдардың бәрі, ең алдымен судьялар және сот процесінің басқа да қатысушылары орындауға міндетті. Конституциялық нормалардың бұзылуы сот әділдігіне жатпайтын сот актілерін шығаруға әкеп соғады, ал олардың күшін жоғары тұрған сот буыны жоюға тиіс болады.

Принциптер мынадай екі бағыт бойынша жүйеленеді: ең алдымен конституциялық, яғни тікелей ҚР-ң Конституциясында тұжырымдалған принциптер және Конституцияда тікелей көрсетілмеген, алайда оның ережелерінен туындайтын принциптер. Принциптердің бұлайша жіктелуі сот әділдігі принциптерін басты және екінші дәрежелі деп бөлу керек деген сөз емес. Сот әділдігінің демократиялық мәнін ашуда олардың бәрі өздерінің мақсаты мен сипаты, маңыздылығы жағынан зор рөл атқарады.

Сот әділдігінің конституциялық принциптерін бөлу қажет болатын себебі, олар салалық заңдарда баяндалған басқа да барлық принциптердің дамуы мен жетілдірілуін анықтап береді, өйткені ҚР-ң Конституциясы барлық құқық салаларын, оның барлық принциптерін дамытудың заң жүзіндегі негізі болып табылады.

ҚР-ң Конституциясында және сот құрылысы мен сот істерін жүргізу туралы салалық заңдарда баяндалған, дамытылған сот әділдігі принциптері мыналар: заңдылық, сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы, судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға ғана бағынуы, сот әділдігін азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі негізінде жүзеге асыру, судьялардың сайлануы және тағайындалуы, сот істерін жеке немесе алқалы түрде қарау, сот ісін жүргізу тілі, сот талқылауының жариялылығы, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз ету, кінәсіздік презумпциясы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығы, тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы.

Сот әділдігінің принциптері бір-біріне қарама-қайшы емес, олар өзара тығыз байланыста және бір жүйеге біріктірілген. Олардың бұл бірлігі, байланысы, өзара тәуелсіздігі әрбір жекелеген принциптің нақтылы іске асуын қамтамасыз етеді және сот әділдігінің міндеттері мен мақсаттарының табысты болуының шын кепілі.

Сот әділдігінің демократиялық принциптері деп сот әділдігінің қоғамдық мәні мен жүйесінің демократизімін көрсететін, сот және оның қызметіне негіз болатын Конституция мен басқа да заңдардың нормаларынан туындаған ережелерді айтамыз.

1. Заңдылық принципі.

Сот әділдігі саласындағы заңдылық дегеніміз соттың өз қызметінің принципі ғана емес, сонымен қатар нақты істерді соттың қарауының мақсаты да болып табылады, өйткені сот бұзылған заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіріп, сот істеріне қатысушылардың тәртібі заңға сәйкес болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Сот әділдігінің заңдылығы принципінің ерекшелігі мынандай: соттардың ұйымдастырылуы мен қызметі ең алдымен ҚР Конституциясының, заңдардың, Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде жүзеге асырылады.

Сот істерін қараған кезде ҚР Конституциясының, заңдарының және іс жүргізу құқығының нормаларынан ешбір ауытқушылыққа және белден басушылыққа жол беруге болмайды.

Азаматтық және қылмыстық істерді қараған кезде соттар республикалық және құқықтық түрлі салалар бойынша қабылданған заңдарды және солардың негізінде қолданылатын кодекстерді басшылыққа алады.

Мәселен, қылмыстық істерді қарағанда соттар ҚР қылмыстық кодексін басшылыққа алады. Бұл қылмыстық заң жеке адамдарға, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің қандайы қылмысты екенін анықтайды және қылмыс жасаған адамдарға қолданылуға тиісті жазаны белгілейді. Сонымен бірге соттар мемлекеттік және әскери қылмыстар үшін, ал қажет болған жағдайда ҚР мүдделеріне қарсы бағытталған өзге де қылмыстар үшін жауапкершілікті белгілейтін республикалық заңдарды қолданады. Қылмыстық істерді қарағанда және олар бойынша айыпкерді соттау немесе ақтау туралы үкім шығарған кезде

соттар басқа ешбір заңдарды, заңға сәйкес актілерді қолдана алмайды. Қылмыстық істерді ұқсас қылмыстық заң мен құқықты қолдану /аналогия/ негізінде шешуге жол берілмейді.

Соттар азаматтық, отбасылық, еңбек, әкімшілік қатынастарынан туындайтын даулар жөніндегі азаматтық істерді қарағанда материалдық құқықтың, оның әр түрлі салаларының кең ауқымды нормаларын қолданады. Азаматтық істерді қараған кезде /олардың қылмыстық істер айырмашылығы да осыда/ соттар заңға сәйкес актілерді, соның ішінде үкімет пен министрліктердің бұйрықтары мен нұсқауларын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілерін, егер бұл актілер ҚР заңдарына қайшы келмесе, кеңінен пайдаланылады. Азаматтық даулар мен істерді ұқсастық /аналогия/ негізінде шешуге болады.

Сот әділдігі заңдылығының принципі өзінің аты айтып тұрғандай-ақ, соттардың іс жүргізу заңдарының процессуалдық тәртібін қылмыстық және азаматтық заңдарға сәйкес реттейтін нормаларын мүлтіксіз сақтауды талап етеді.

Сотта қылмыстық және азаматтық істерді қараудың тәртібі тиісінше – Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексі, Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу кодексі арқылы реттеледі.

Сот әділдігінің заңдылығы принципін негізге ала отырып, сот ісін жүргізудің, қылмыстық және азаматтық процесстің міндеттері – заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, қылмыстардың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу мен оларды жою, қоғамның мүдделерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтарды ҚР Конституциясы мен республика заңдарын сақтау мен ортақ тұрмыс ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеу.

Заңда судьяның заң мен құқықтық сананы басшылыққа ала отырып, істің барлық мән-жайын сот мәжілісінде жан-жақты, толық және объективті қарауына негізделген ішкі сенімі бойынша дәлелдемелерге баға беруі баяндалған.

Сот әділдігінің заңдылық принципі - іс бойынша соттың негізделген, заңды және әділетті шешім, үкім шығаруының басты кепілі болып табылады.

Сот әділдігін жүзеге асыру барысында судья, Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚР Заңдарының, ҚР Президентінің Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларын бұлжытпай сақтауға міндетті. Соттардың адам мен азаматтың Конституциясымен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтің құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот, қолдануға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституциямен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп ұйғарса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және сол актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Соттың, іс жүргізу кезінде заңды бұзуына жол берілмейді және оған заңмен жауаптылық белгіленген, ал заңсыз актілер жарамсыз деп танылып, олардың күші жойылады.

2. Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыру принципі.

Қазақстан Республикасында сот әділдігін тек ғана соттардың жүзеге асыруы принципі Еліміздің Негізгі Заңында – Конституцияда айтылған.

Сот әділдігі сот мәжілісінде ғана жүзеге асырылады, республика аумағында пайда болатын барлық азаматтық даулар мен қылмыстық істерді қарауға тек соттың ғана құқығы бар. Сот әділдігін жүзеге асыруға, яғни заң бойынша соттың қарауына жатқызылған азаматтық істерді шешуге және қылмыстық істерді қарауға, қылмыстық жауапқа тартылған адамдарды актауға немесе айыптауға, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға ешқандай мемлекеттік органның немесе қоғамдық ұйымдардың құқығы жоқ. Адамдарды кінәлі деп табу және жаза белгілеу тек қана соттың құзыретіндегі іс.

Сот өкілеттіктерін кімнің де болса иемденуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Соттың заңға сәйкес, негізделген үкімі болмаса, ешкім де кінәлі деп танылып, қылмыстық жазаға тартылмайды.

Судьялар сотта өз міндеттерін атқаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста да сот әділдігінің беделін, судьяның қадір-қасиетін кемітетін немесе оның объективтілігі мен әділдігіне күмән келтіретін қылықтардың бәрінен аулақ болуға тиіс.

Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы деп - соттың мемлекет атынан азаматтық және қылмыстық істерді қарап, заңда белгіленген тиісті жазаны қоданудағы ерекше құқығын айтамыз. Бұл принциптің басты маңызы – істерді қарағанда соттың жіберген кемшіліктері мен қатесін екінші, одан жоғары тұрған сот қана түзете алады.

Сот шешімдері мен судьялардың өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот шешімдері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

3. Судьялардың сайлануы және тағайындалуы принципі.

Қазақстан Республикасы соттарының судьялары ҚР Конституциясы және ҚР Қазақстан Республикасындағы Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы заңға сәйкес қызметке сайланады және тағайындалады.

Судья қызметіне кандидаттарға тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, қай нәсілге және ұлтқа жататындығына, жынысына, саяси көзқарасына, діни наымына және өзге де мән-жайларға қарамастан тең құқық қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды.

Жергілікті және басқа соттардың судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жергілікті және басқа соттардың сот алқалары төрағаларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы және Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасын Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша бес жыл мерзімге Сенат сайлайды.

Жергілікті және басқа соттардың төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

Жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, егер олар бұрынғы қызметтеріне немесе басқа соттағы осындай қызметке тиісінше қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос орны болмаған жағдайда осындай лауазымға қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, судьялардың жалпы саны қысқартылған кезде осы соттың судьялары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына тағайындауға конкурстық ұсынылуы мүмкін.

4. Сот істерін жеке немесе алқалы түрде қарау принципі.

Сот ісі алқалы немесе жеке түрде қаралады.

Бірінші инстанция соты істерді бір ғана судья құрамында, ал заңмен көзделген жағдайда одан да көбірек құрамда қарайды /мысалы он жыл немесе одан да көп жылға бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстар бойынша/. Ал апелляциялық немесе

кассациялық сатысындағы соттарда істер соттың кемінде үш мүшесі құрамында қаралады және олардың біреуі сотта төрағалық етеді.

Сот құрамындағы судьялардың барлығының құқықтары тең және сот қабылдаған шешімнің, үкімнің заңдылығы мен әділдігі жөнінде бірдей жауапкершілік жүктеледі.

5. Судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға ғана бағыну принципі.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға ғана бағыну принципі кең көлемді жалпы құқықтық және жалпы мемлекеттік принцип – Қазақстан Республикасының Конституциясында тұжырымдалған заңдылық принципінің көрінісі болып табылады. ҚР Конституциясында мемлекеттің, оның барлық органдарының заңдылық негізінде іс-қимыл жасауы, құқық тәртібін, қоғам мүдделерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуі көзделген.

Сот істерін қараған кездегі судьялардың тәуелсіздігі біздің сот мемлекет саясаты мен заңға тәуелсіз деген сөз емес. Судья – мемлекет атынан сот әділдігін жүзеге асыратын, жауаптылығы күшті, ерекше өкілетті лауазымды тұлға, яғни мемлекеттік биліктің өкілі десек те болады.

Судьялардың тәуелсіздігі олардың нақты бір істі қарағанда әр түрлі сырттан ықпал ететін және әсерін тигізетін жағдайларды болғызбай, өздерінің құқықтық сана-сезімі мен ішкі сеніміне сай, заңға сәйкес, негізделген шешім шығаруы болып табылады. Олардың тек қана заңға бағыныштылығы деп соттың нақтылы істі қарап шешудегі барлық қызметінің заң талабына қатаң түрде сай болуын айтады. Мемлекет олардың мәртебесіне сәйкес тәуелсіздігінің әлеуметтік, материалдық, құқықтық және өзге де кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

6. Сот әділдігін азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі негізінде жүзеге асыру принципі.

Сот әділдігі барша жұрттың заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асырылады. Сотта іс қарау барысында ешкімді де шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітуге болмайды.

Азаматтардың қандай да болмасын жеке және әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктеріне қарамастан, соттың белгілі бір заң ережелерін алып тастауына немесе жойып жіберуіне жол берілмейді. Сот нақты істің мән-жайын негізге ала отырып, мүдделі адамдардың құқықтары мен міндеттерін тең негізде белгілейді. Құқық бұзғаны үшін заң негізінде мемлекеттік мәжбүр ету қолданылатын адамдардың бірдей жауапкершілігі бұлжымас ереже болып табылады. Сот нақты істі заңдар мен басқа да нормативтік актілердің елеіміздегі барлық соттар үшін тең дәрежеде міндетті екенін ескере отырып шешеді.

7. Сот әділдігін тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру принципі.

Со ісін жүргізу тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципінің негізінде жүзеге асырылады.

Бұл принцип соттың істі жүргізу кезіндегі тараптардың теңдігі принципі деп айтсақ та болады, оны азаматтардың конституциялық теңдігі қамтамасыз етеді.

Тараптардың, яғни сот ісіне қатысушылардың мүдделерінің сәйкес келмей, қарама-қарсы болуы, сотта олардың өзара бәсекелестігін туғызады, мұның өзі азаматтардың тең құқықты екендігінің бір көрінісі деуге де болады.

Бір тарапқа нақты процессуалдық құқық бере отырып, заң екінші тарапқа да осындай немесе соған ұқсас құқық береді және оларға тең дәрежеде міндеттер жүктейді. Мысалы, азаматтық процесте талпакерге талаптың негізін өзгертуге құқық берілсе,

жауапкердің де істің қаралу барысында талапқа қарсылығын көрсетуге хақы бар. Талапкердің де, жауапкердің де өз пікірлерін дәлелдеу, істің материалдарын талқылауға қатысу құқықтары мен міндеттері бірдей, сотқа өтініш жасау, соттың іс-әрекеттері мен актілеріне шағым беру құқықтары да тең. Сотта әрбір тараптың өздерінің процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруға тең мүмкіндіктері бар.

Қылмыстық іс қаралғанда айыпталушының, сотталушының, қорғаушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің процессуалдық құқықтары тең.

Сот қылмыстық ізге тусу органы болып табылмайды, ол айыптауды немесе қолдауды жүзеге асырмайды, керісінше, сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдай туғызады.

8. Сот істерінің жариялылығы

Қылмыстық немесе азаматтық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектуеге тек мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда кәметке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі. Бірақ, соттың үкімі мен іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда ашық жарияланады.

9. Сезіктің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз ету принципі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында сезіктің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз ету принципі тұжырымдалған. Олар бұл құқығын ұсталған кезінен, қамалған немесе айып тағылған кезден бастап, заңда белгіленген тәртіппен жеке өзі де, қорғаушының, заңды өкілінің көмегімен де жүзеге асыра алады.

Сезіктің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз ету деп олардың белгілі бір құқықтарын заң жүзінде бекітуді емес, алдын ала тергеу, прокуратура, сот органдарының істің барлық жағдайын қорытып және ол адамдардың өз бастарының құқығы мен мүліктік мүдделерін қорғауы үшін белсенді әрекеттерін айтады. Бұл принциптің мазмұны айыпкердің қорғаушы қызметін пайдалану құқығымен ғана шектелмейді, ол айыпкердің процессуалдық құқықтарында барынша толық ашылады. Айыпкердің өзіне үшін айыпталып отырғанын білуге, сотта өзінің ана тілінде сөйлеуіне және тілмаштың қызметін пайдалануға, қорғаушысы болуына, сотқа дәлелдемелер ұсынуға, әр түрлі өтініш жасауға (іске құжаттар тарту туралы, куәлар шақыру туралы, сарпатама тағайындау туралы, іс жүргізуді тоқтату немесе қысқарту және т.б.), соңғы сөз сөйлеуге, соттың үкіміне немесе шешіміне жоғары тұрған сотқа шағым жасауға хақы бар.

10. Кінәсіздік презумпциясы.

Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

11. Сот ісін жүргізу тілі.

Қазақстан Республикасында сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа тілдер қолданылады. Егер, сот ісі жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта өзінің ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде өтініш жасауға, түсінік және айғақтар беруге, өтініш білдіруге, шағым жасауға, істің материалдарымен танысуға, сөйлеуге заңда белгіленген тәртіпте рұқсат етіледі.

12. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығы.

Өркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға құқығы бар. Ешкімге өзінің келісімінсіз ол үшін заңмен көзделген соттылығын өзгертуге болмайды.

Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1. адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;
2. бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
3. өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;
4. сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;
5. жауапкершілікті белгілейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;
6. айыпталушы өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
7. ешкім өзіне-өзі жұбайына және заңмен белгіленген жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;
8. адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;
9. заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

1. Қазақстан Республикасының **прокуратурасы** - Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

2. **Прокуратура** кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасы **прокуратурасын** ұйымдастыру, оның қызметінің тәртібі және прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, заң актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен сондай-ақ Республика Бас Прокурорының бұйрықтарымен айқындалады.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің принциптері

1. Қазақстан Республикасының **прокуратурасы** төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды.

2. Қазақстан Республикасының **прокуратурасы** өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады.

3. Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде **прокуратура** органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады.

4. Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

5. **Прокуратура** органдары Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды.

Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны

Конституция мен заңдардың үстем тұруын қамтамасыз ету адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Президентінің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, **прокуратура** мемлекет атынан:

1) Конституцияның, Заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын қолданады;

2) жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;

3) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

4) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

5) заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

6) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі

1. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау тексерістер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруына;

2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге;

3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына;

4) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

3. Тексерісті прокурор сондай-ақ өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті.

4. Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оны жүргізу мерзімін ұзарта алады.

5. Прокурорлардың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар осы Заңда және басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіп пен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп саяды.

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдігі

1. Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

2. **Прокуратураның** талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар:

1) қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге;

2) тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге.

3) прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

3. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген тапсырмасы анықтама мен тергеу органдары үшін міндетті.

4. Талап етілген ақпарат **прокуратура** органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ прокурор белгілеген тәртіп пен мерзімде беріледі.

5. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысуда қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар.

6. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін.

7. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

8. Прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

Арыздарды қарау

1. **Прокуратура** органдары заңдарда белгіленген тәртіппен заң бұзушылық туралы арыздарды қарай келіп, адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою, бұзылған құқықты қалпына келтіру шараларын қолданады.

2. Егер адам бойындағы, психикасындағы немесе өзге де кемістіктері салдарынан өз құқықтарын қорғауды жүзеге асыра алмайтын болса, прокурор оны қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

3. **Прокуратура** органдары заңда белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындамайтын лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту шараларын қолданады.

4. **Прокуратура** органдарына қол қойылмай жасалған арыздар тексерілмейді, бірақ прокурор азаматтың мүддесі тұрғысында ақпарат көзін жария етпеуге хақылы.

Прокурордың іс-әрекеттері мен актілеріне шағымдану

1. Прокурордың іс-әрекеттері мен актілеріне жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады. Прокурордың талаптары мен актілеріне шағым беру олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

2. Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың іс-әрекетіне немесе актісіне арыз (шағым) бойынша шешім шығарылғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұра алады.

3. Жоғары тұрған прокурор азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың шағымдары бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурор актілерінің күшін жоя алады не оларды қайтарып ала алады.

Прокуратура органдарының жүйесі және оларды ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының **прокуратурасы** органдарының біртұтас жүйесін **Бас прокуратура**, облыстардың **прокуратуралары**, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының **прокуратуралары**, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған **прокуратуралар** құрайды.

Республиканың Бас прокуроры және оның орынбасарлары

1. Республиканың Бас Прокурорын:

1) Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) қызметтен Республика Президенті босатады;

3) ол Республика Президентіне есеп береді;

4) оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайда болмаса, Сенаттың келісімінсіз тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазаға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Республика Бас Прокурорының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

3. Республика Бас Прокурорының орынбасарлары сонымен бірге **Бас прокуратураның** тиісті департаменттерінің бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

Республика Бас Прокурорының өкілеттігі

Республиканың Бас Прокуроры:

1) Республика аумағында заңдар мен Президент Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады, төменгі **прокуратуралардың** қызметіне басшылық етеді;

2) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге оларды қабылдаған органдар мен лауазымды адамдарға наразылық жасайды;

3) Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып табылады;

4) Қазақстан Республикасының **прокуратурасын** ұйымдастыру мен оның қызметінің мәселелері мен материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы **прокуратурасының** органдары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер мен нұсқаулықтар шығарады;

4-1) өз құзыреті шегінде:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі мен жедел-іздістіру қызметі туралы заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша; құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер;

осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

4-2) жедел-ізвестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды;

5) **прокуратураларды, прокуратура** органдарының мекемелерін құрады, қайта құрады және таратады, олардың құрылымын, құрылымдық бөлімшелердің құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде **прокуратура** органдарындағы штат санын және еңбекақы төлеу қорын белгілейді;

6) Республика Президентіне жоғары сыныпты шендер мен әскери атақтар беру үшін кандидатуралар ұсынады;

7) облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды, әскери прокурорларды, олардың орынбасарларын, аудандардың, қалалардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) **прокуратура** органдарының қызметі туралы Республика Президенті алдында есеп береді;

9) белгіленген тәртіппен **прокуратура** органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер мен әскери атақтар береді;

10) **прокуратура** органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтар беруге ұсынады;

10-1) "**Прокуратураның құрметті қызметкері**" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы Ережені бекітеді;

11) **прокуратура** органдары қызметкерлерінің қару мен оқ-дәрі алу, сақтау, алып жүру және тасымалдау тәртібін айқындайды;

11-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беру туралы ұсыныстар енгізеді;

12) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бас прокуратура

1. Қазақстан Республикасының Бас **прокуратурасына** Республиканың Бас Прокуроры басшылық етеді.

2. Республиканың Бас Прокурорының бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

3. Бас **прокуратураның** құрылымын және оның қызметкерлерінің өкілеттіктерін Бас Прокурор белгілейді.

~~4. Департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай ақ аға көмекшілерді, көмекшілерді, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорларын Республиканың Бас Прокуроры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.~~

5. Бас прокуратура:

1) Республика **прокуратура** органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика **прокуратура** органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығарушылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында **прокуратура** органдарының атынан өкілдік етеді.

6. Қазақстан Республикасының Бас **прокуратурасы** жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас **прокуратурасының** ресми сайтына орналастырады.

Облыстардың прокурорлары

Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген **прокуратуралардың** прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

2) бағынысындағы барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады.

Облыстардың прокуратуралары

1. Облыстардың **прокуратураларына** және оларға теңестірілген **прокуратураларға** Республика Президентінің келісімімен Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді.

2. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Облыстардың прокурорларының орынбасарлары облыстық **прокуратуралардың** тиісті басқармаларының бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

3. Облыстардың **прокуратураларында** және оларға теңестірілген **прокуратураларда** басқармалар мен бөлімдер болады. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтары тиісінше облыстар прокурорларының аға көмекшілері және көмекшілері болып табылады. Басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлардың лауазымдары белгіленеді.

Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар мен прокуратуралар

1. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген **прокуратураларға** Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді.

2. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады.

3. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген **прокуратураларда** бөлімдер құрылуы мүмкін.

Төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағыныстылығы

1. Прокурорлардың бағыныстылығы:

1) жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төменгі **прокуратуралар** үшін міндеттілігін;

2) төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызмет міндеттерін орындауы үшін жауапкершілігін;

3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төменгі прокурорлардың өкілеттігін жүзеге асыруын;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, өзгертуін;

5) жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлардың іс-әрекеттері мен актілеріне жасалған шағымдарды шешуін қамтиды.

2. Республиканың Бас Прокуроры төменгі прокурорлардың бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.

Прокуратура органдарындағы алқалар

1. Бас **прокуратура**да, облыстардың **прокуратура**ларында және оларға теңестірілген **прокуратура**ларда алқалар құрылады.

2. Алқа отырыстарында **прокуратура** органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ заңдардың бұзылуының анықталуына байланысты Бас Прокурордың, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғарымы бойынша заңды бұзған лауазымды адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды қажет ететін өзге де мәселелер қаралады.

3. Алқа шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

4. Алқаның шешімдері тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен іске асырылады және **прокуратура** органдарының қызметкерлері үшін міндетті. Заңның бұзылуының анықталуына қарай прокурорлық қадағалау актілері қабылданады.

5. Алқа жұмысының регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін Республиканың Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратураның құқықтық актілері

1. **Прокуратура**ның құқықтық актілерінің жүйесін:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыным, заңға түсіндірме;

2) **Прокуратура**ны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар құрайды.

1-1. Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері жариялануға тиіс.

2. **Прокуратура**ның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі.

Наразылық

1. Прокурор Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды.

2. Наразылық оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға беріледі. Лауазымды адамның заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады.

3. Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам он күн мерзім ішінде қарауға тиіс. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті. Наразылықтың сотта қаралу мерзімі заңдарда белгіленеді.

4. Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

5. Прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

Қаулы

1. Заңның бұзылу сипатына қарай прокурор қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде қаулы шығарады.

2. Прокурор заңның қолданылуына тексеріс жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, қарау, тұмшалау салу туралы, тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау туралы, күшін тоқтата тұру туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы, сондай-ақ заңда көзделген басқа да реттерде қаулы шығарады.

3. Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда, прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындамау Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Санкция

1. Прокурор жазбаша түрде:

2) қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда тінтуге;

3) айып тағылған адамды қызметтен шеттетуге, сезік келтірілген немесе айып тағылған адамды сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыруға;

4) Конституциямен және заңмен қорғалатын хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтімдері құпиясына, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұғылмау құқығына қатысты жедел-іздістіру шаралары мен тергеу әрекетін жүргізуге;

5) шетелдіктерді әкімшілік тәртіппен аластау үшін ұстауға;

5-1) бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау мен жазып алуға, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау мен жазып алуға;

5-2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге;

5-3) жеке және заңды тұлғалардың банктердегі ақшасы мен басқа да мүлкіне тыйым салу;

5-4) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздістіру жариялауға;

6) тікелей заңмен көзделген өзге жағдайларда санкция (келісім) береді.

2. Көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға санкция беруді немесе оны беруден бас тартуды прокурор санкция сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін лауазымды адамның қаулысына қарар түрінде немесе өзге жазбаша нысанда жиырма төрт сағаттың ішінде ресімдейді.

3. Адамның және азаматтың бостандық құқықтарын шектеуі мүмкін жедел-іздістіру және өзге қызмет мәселелері жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

Нұсқау

1. Прокурор:

1) қылмыстық істерді қозғау мен тергеу жүргізуге байланысты анықтама және тергеу органдарына;

2) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға;

3) заңмен белгіленген өзге де жағдайларда нұсқау береді.

2. Республика Бас Прокурорының жедел-іздістіру қызметі, анықтама және тергеу мәселелері жөніндегі нормативтік сипаттағы нұсқауын барлық тергеу және анықтама органдары, жедел іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар орындауға міндетті.

Өтініш

1. Прокурор заңға сәйкес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптық өтініш жасауға хақылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда белгіленген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен актілерін жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ заңды бұзушылықты болдырмау туралы сотқа өтініш беруге құқылы. Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.

3. Сотқа берілген прокурорлық қадағалау актілерінің қабылданбауына немесе қараусыз қалдырылуына байланысты өтінішті сот заңда белгіленген тәртіппен қарайды.

4. Прокурордың өтінішіне мемлекеттік баж бен өзге де алымдар салынбайды.

Ұйғарым

1. Заңды бұзушылықты жою туралы жазбаша ұйғарымды прокурор енгізеді және оны заңды бұзуға жол берген органға немесе лауазымды адамға, не жіберілген заң бұзушылықты жоюға өкілетті органға немесе лауазымды адамға жібереді. Егер заңды бұзу ашық сипатта болып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болған және ол дереу жойылмайтын болған жағдайда, ұйғарым енгізіледі. Ұйғарымды нормативтік құқықтық актілерге енгізуге болмайды.

2. Ұйғарымда Конституцияның, заңдар мен Республика Президенті актілерінің бұзылған нормалары көрсетіліп, құқық бұзушылықтың сипаты мен заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар болуға тиіс.

3. Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс. Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Ұйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

5. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұра алады.

Ұсыныс

1. Прокурор өз құзыреті шегінде:

1) заңдылықты бұзуды болдырмау туралы;

2) қылмыс жасауға және басқа тәртіп бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмау құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша;

4) заңда белгіленген өзге жағдайларда ұсыныс енгізеді.

2. Ұсынысты лауазымды адам немесе орган заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып, бір ай мерзімде қарауға тиіс. Прокурор ұсынысты қарауға қатысуға хақылы. Ұсынысты қараудың нәтижелері және қолданылған шаралар туралы **прокуратураға** хабарланады.

Заңды түсіндіру

1. Органның немесе лауазымды адамның не азаматтың заңдарды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі салдарынан оларды дұрыс қолданбауға әкеліп соғатын жеткілікті негіздер бар

деп санаған ретте, прокурор заңның мазмұнын, ал қажет болған жағдайда заңды бұзғаны үшін көзделетін жауапкершілікті түсіндіреді.

2. Құқықтық актінің жобасы заңға сәйкес келмеген жағдайда прокурор актіні қабылдайтын органға немесе лауазымды адамға заңның талабын түсіндіреді.

Прокурордың құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындату шаралары

1. Прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды көздейтіндерін қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындауға дереу шаралар қолдануға міндетті.

3. Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін **прокуратура** органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды **прокуратура** органдарына жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы, оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындайды.

Прокурорлық қадағалау актілерін жариялау

Өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін **прокуратура** органдары адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзған органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау актілерін мемлекеттік-бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау

Қадағалаудың міндеттері

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

2) заңдылықтың кез келген бұзылуын, осындай заң бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтап, жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларын қолдану болып табылады.

2. **Прокуратура** басқа мемлекеттік органдарды алмастырмайды және ұйымдардың қызметі мен азаматтардың жеке өміріне араласпайды.

Прокурордың өкілеттігі

1. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыруға және олардан айғақтар алуға;

2) қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2-1) жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде банктерден жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен шоттары бойынша коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып саналатын мәліметтердің жариялануға болмайтын талаптарын сақтай отырып, мәліметтер алуға;

2-2) жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан жедел-іздіктіру шараларын жүзеге асырып, олардың нәтижелері туралы хабар беріп отыруды талап етуге;

3) басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөніндегі қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық деректерді алуға;

4) тексеріске қатысу және қорытынды беруі үшін мамандарды тартуға;

5) **прокуратураға** түскен материалдарға, арыздарға өзінің құзыретіне сәйкес тексеріс жүргізуді талап етуге және бұлардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерісті жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

6-1) сараптамалар тағайындауға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да тексеріс әрекеттерін жасауға құқылы.

2. Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:

1) наразылық енгізеді;

2) заң бұзушылықты болдырмау жөнінде ұйғарым береді;

3) қылмысты іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындау, жеткізу (күштеп әкелу) жөнінде қаулы шығарады, материалдық залалдың өтелу шараларын қолданады;

4) адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда заңдардан басқа заңсыз актінің күшін тоқтата тұрады;

5) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары енгізген тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе алып тастайды;

6) мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен олардың заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауды соттан өтінеді;

7) органға немесе лауазымды адамға заңдылықты бұзуды болдырмау туралы ұсыныс енгізеді.

Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру

Прокурордың сотта іс қараудағы құзыреті

1. Қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор осы Заңға, сондай-ақ Республиканың қылмыстық істер жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзге де заңдарына сәйкес шағым (~~жағсыздық~~) және қадағалау тәртібімен өз өкілеттігін жүзеге асырады.

2. Соттың (судьяның) іс бойынша шешімімен, үкімімен немесе өзге қаулысымен оның заңға сәйкессіздігі немесе негізсіздігі себепті келіспеген жағдайда, прокурор істі қайта қарау немесе құқықтық актінің күшін жою не өзгерту туралы жоғары тұрған сотқа наразылық беруге хақылы.

Соттың заңды күшіне енбеген қаулыларына наразылық жасау

Прокурор өзінің істің сотта қаралуына қатысу-қатыспауына қарамастан, соттың (судьяның) заңды күшіне енбеген заңға сәйкес келмейтін немесе негізсіз шешіміне, үкімі мен өзге де қаулысына жоғары тұрған сотқа наразылық беруге хақылы.

Соттың заңды күшіне енген қаулыларына наразылық жасау

1. Прокурор соттың заңды күшіне енген шешімдері, үкімдері және өзге қаулылары бойынша істерді өз құзыретінің шегінде соттан талап етіп алдыруға хақылы.

2. Соттың заңды күшіне енген шешімі, үкімі мен өзге қаулысы заңға сәйкес келмейтін немесе негізсіз болған жағдайда, прокурор қадағалау тәртібімен наразылық жасайды. Егер наразылық жасау оның құзыретінің шегінен асып кететін болса, онда тиісті прокурор наразылық жасау жөнінде жоғары тұрған прокурорға ұсыныс айтып, өтініш жасайды.

3. Прокурордың соттың заңды күшіне енген шешіміне, үкімі мен өзге де қаулыларына наразылық жасау және орындалуын тоқтата тұру жөніндегі өкілеттігі заңмен айқындалады.

Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына наразылық жасау

Республиканың Бас Прокуроры Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеу негіздері бойынша Республика Жоғарғы Сотының жалпы отырысына наразылық енгізеді.

Жедел-іздестіру қызметіне қадағалаудың мазмұны мен мәні

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру, жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығы қадағалаудың мәні болып табылады.

Прокурордың жедел-іздестіру қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Жедел-іздестіру қызметіне қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) жедел-іздестіру қызметінің тоқтатылған немесе жүргізіліп жатқан істерін, жедел-іздестіру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады, бұған жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарда жасырын негізде қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтер қосылмайды;

2) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың арнайы жедел-іздестіру шараларын өткізу заңдылығын тексереді;

3) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар мен өтініштерді қарайды;

4) жедел-іздестіру қызмет жүзеге асыратын органдар шығарған жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру мен өткізу тактикасын реттейтін, Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерге наразылық жасайды;

5) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырған кезде заңның, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда өзінің қаулысымен жедел-іздестіру шараларын тоқтатады;

6) жедел-іздестіру шараларын жүзеге асырған кезде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер жөнінде қылмыстық және тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады;

7) жедел-іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырған кезде заңды бұзудың анықталған фактілері бойынша прокурорлық қадағалаудың осы Заңда көзделген өзге де актілерін шығарады;

8) заңсыз ұсталған адамдарды босатады;

9) қажет болған кезде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынысты органдарда тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) заңдарда белгіленген жағдайларда жедел-іздестіру шараларын жүргізуге санкция береді.

Жедел-іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлар

Жедел-іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды Республиканың Бас Прокуроры және өзге прокурорлар заңдарда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалаудың мазмұны мен мәні

Прокурор анықтама мен тергеу органдарының актілері мен қызметінің заңға сәйкестігіне, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуына қадағалауды жүзеге асырады.

Прокурордың анықтама мен тергеу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

1. Анықтама мен тергеудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) анықтама мен тергеу органдарынан тексеріс үшін қылмыстық істерді, жасалған қылмыстар, жедел-іздігіру қызметінің, анықтаманың, тергеудің барысы туралы құжаттарды, материалдар мен өзге мәліметтерді алады;

2) жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдағанда, тіркегенде, шешкенде заңдылықтың сақталуын тексереді;

3) қылмыстық қудалау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға және күзетпен ұстауға немесе үйде қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішін қолдайды не қолдаудан бас тартады;

4) қажет болған жағдайларда қылмыстық іс қозғайды, қылмысты істерге тергеу жүргізу жөнінде жазбаша нұсқаулар береді;

5) тергеушілер мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды;

6) егер анықтама мен тергеу барысында процеске қатысушылар мен басқа да азаматтардың құқықтарының бұзылуына, тергеудің заңсыз әдістеріне жол берілсе, кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қояды;

7) тергеу мен анықтама толық болмаған, сондай-ақ тергеу мен анықтама барысында заңдылықтың бұзылуына жол берілгені белгілі болған жағдайларда, қылмыстық істерді қосымша тергеуге қайтарады немесе оны толық көлемінде не нақтылы адамдарға қатысты тоқтатады;

8) анықтама мен тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істерді түптеп қарау үшін сотқа жібереді;

9) қажет болған жағдайларда тергеу бөлімшелері мен анықтама органдары басшыларынан оларға бағынысты органдарда заңды бұзушылықты жою, қылмыстардың толық ашылуын қамтамасыз ету мақсатында тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің анықтама мен тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

11) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуға шешім жасалған адамдарды қамауда ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібі мен шартының сақталуын тексереді;

11-1) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздігіру жариялауға санкция береді;

12) заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Прокурордың өз құзыреті шегіндегі нұсқаулары жазбаша нысанда беріледі және ол анықтама мен тергеу жүргізетін адам үшін міндетті.

Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалаудың мазмұны мен мәні

Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды **прокуратура**:

1) әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде, сондай-ақ істерді қарау мен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалау шараларын белгілеген кезде заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде адамның және азаматтың, лауазымды адамдар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру;

3) азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде жүргізілген істерге байланысты кез келген актіге шағымдану құқығын қамтамасыз ету;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде заңдарды бұзуға кінәлі адамдарға шара қолдану мақсатында жүзеге асырады.

Прокурордың әкімшілік іс жүргізу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) уәкілді лауазымды адамдар мен органдардан әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді, құжаттар мен істерді талап етуге;

2) құзыретіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен жаза қолдану кіретін лауазымды адамдар мен органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды қарауға;

3) азаматтарды әкімшілік ұстау мен қамаудың заңдылығын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа ықпал етудің өзге де шараларының негізділігін тексеруге;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға қатысуға, өтініштер жасауға, істі қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша қорытындылар беруге;

5) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын тексеруге;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөнінде іс жүргізуді қозғауға;

8) заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға хақылы.

Прокурордың әкімшілік іс жүргізуде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі актілері

Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:

1) сотқа, өзге өкілетті органға немесе лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға ~~немесе шешімге~~ наразылық енгізуге;

2) уәкілді лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) іске қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге;

3) уәкілді органдардан өздерінің бақылауындағы немесе қарауындағы ұйымдарға тексеру жүргізуді талап етуге;

4) заңмен белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының ~~немесе шешімнің~~ орындалуын тоқтата тұруға;

6) әкімшілік жолмен заңсыз ұсталған адамды босату туралы қаулы шығаруға;

7) жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін орындауға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығаруға хақылы.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалаудың мазмұны мен мәні

Прокурор:

1) сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын;

2) аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын;

3) бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын;

4) азаматтық, ~~шаруашылық~~ және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады.

Прокурордың атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде:

1) адам құқықтары туралы, қамалғандар мен сотталғандарға мейірбандық тұрғыдан қарау жөнінде Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының дәл және бірыңғай қолданылуын талап етуге;

2) азаматтың, мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы мен өтініштері бойынша атқарушылық істер жүргізілуін талап етуге және тексеруге;

3) сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру мақсатымен кез келген уақытта болуға;

4) ұсталғандардан, қамалғандардан, сотталғандар мен мәжбүр ету сипатындағы шаралар қолданылған адамдардан жауап алуға;

5) осы адамдарды ұстауға, қамауға, жазасын өтеуге, сондай-ақ оларға мәжбүр ету сипатындағы шараларды қолдануға негіз болған құжаттарды талап етуге;

6) мәжбүр ету шараларын атқарушы бас бостандығынан айыру орындарында немесе мекемелерінде заңсыз отырған әрбір адамды өз қаулысымен дереу босатуға;

7) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып, қолданылған тәртіптік шаралардың күшін жоюға, оларды өз қаулысымен айыптық изолятордан, камералық үлгідегі орындардан немесе карцерден қамаудан босатуға;

8) заңда белгіленген жағдайларда жазалауды атқарушы мекемелер әкімшілігінің актілерін санкциялауға хақылы.

8-1) заңдарда белгіленген жағдайларда атқарушылық іс жүргізу органдарының борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа мүлкіне тыйым салу туралы актілеріне санкция беруге құқылы.

Қылмыстық қудалау

Қылмыстық қудалау шегі

Прокуратура Конституцияға сәйкес осы Заңмен және қылмыстық-іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қылмыстық қудалау жөніндегі өкілеттік

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да іс-әрекеттер жасауға хақылы;

2) қылмыстық іс қозғайды немесе қылмыстық іс қозғауға рұқсат беруден бас тартады;

3) анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін тиісті органға **прокуратура** қозғаған қылмыстық істерді береді;

- 4) заңда көзделген жағдайларда жедел-іздігіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жасайтын іс-әрекетіне санкция береді;
- 5) жекелеген тергеу әрекеттері бойынша іс жүргізуге қатысады;
- 6) қол сұғуға болмайтын құқыққа ие адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім алу үшін ұсыныс енгізеді;
- 7) істі сотқа жібереді.

Істі сотқа жіберу

1. Айыптау қорытындысымен келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор немесе оның орынбасары анықтама мен тергеу органдарының заңдардың талаптарын сақтауын және айыптыны сотқа беру үшін негіздердің жеткілікті екенін тексеруге міндетті.

2. Қылмыстық істі сотта қарау үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда прокурор немесе оның орынбасары істі сотқа жібереді.

3. Істі сотқа жіберген ретте прокурор:

- 1) істің жүргізілуін тоқтатуға немесе адамға қатысты қудалауды тоқтатуға;
- 2) айыптау қорытындысынан жекелеген айыптау тармақтарын алып тастауға, жеңілдірек ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға;
- 3) тыю шарасын таңдап алуға, өзгертуге немесе жоққа шығаруға;
- 4) қосымша тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтаруға хақылы.

Прокуратура органдарындағы қызмет, прокуратура органдары қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау

Прокурорлар, **прокуратура** органдарының қызметкерлері. **Прокуратура** органдарына қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1. Прокурор - өз құзыреті шегінде заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, жедел-іздігіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды, сотта мемлекет мүдделерінің өкілі болуды, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

Прокурорлар мыналар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, **прокуратура** органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, **прокуратура** органдарының аға прокурорлары және басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

2. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері мыналар: прокурорлар қызметіне аттестациядан өткен адамдар және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмыс жүргізетін **прокуратура** ғылыми ұйымдардың және білім беру ұйымдарының аттестациядан өткен қызметкерлері.

3. Әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің **прокуратуралары** мамандандырылған **прокуратуралар** болып ұғынылады.

4. **Прокуратура** органдарына қызметке алу мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын-ала сұрау салынған және азаматтар міндетті арнаулы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

5. Бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақталмаған негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттар

мен әділет органдарынан жағымсыз қылықтары бойынша босатылған адамдар **прокуратура** органдарына қызметке қабылдануға тиіс емес.

6. **Прокуратура** органдары қызметкерлерінің лауазымына денсаулық жағдайына қарай **прокуратура** органдарында қызмет өткеруге жарамды, әдетте, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады. Оларды қызметке тағайындағанда сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

7. Прокурорлар болып жоғары заң білімі бар, қажетті іскерлік және моральдық қасиеттерге ие, денсаулық жағдайына қарай **прокуратура** органдарында қызмет өткеруге жарамды азаматтар тағайындала алады. Әскери прокурорлар сонымен бірге әскери қызметшілер болуы керек, оларға әскери қызмет және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңдары толық көлемде қолданылады.

8. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына 25 жасқа толған, **прокуратура** органдарында кемінде үш жылдық жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

9. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері үш жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Аттестация тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілейді.

10. **Прокуратура** органдарына қызметке тұңғыш рет тағайындалған адам ант береді, оның мәтінін Республика Президенті бекітеді.

11. **Прокуратура** органдарында қызмет өткеру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының **прокуратура** органдарында қызмет өткеру туралы ережемен реттеледі.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері, әскери атақтары және нысанды киімі

1. **Прокуратура** органдарының қызметкерлеріне атқаратын қызметіне, біліктілігіне және арнаулы қызметтегі стажына сәйкес мынадай сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі:

жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі;

1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-полковнигі;

2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-лейтенанты;

3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-майоры;

аға әділет кеңесшісі, әділет полковнигі;

әділет кеңесшісі, әділет подполковнигі;

кіші әділет кеңесшісі, әділет майоры;

1-сыныпты заңгер, әділет капитаны;

2-сыныпты заңгер, әділет аға лейтенанты;

3-сыныпты заңгер, әділет лейтенанты;

кіші заңгер.

2. Жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісінің, 1, 2 және 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшілерінің сыныптық шендерін, әділет генералдарының әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. **Прокуратура** органдарының сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілген қызметкерлері нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

4. Нысандары мен айырым белгілерінің үлгілері, нысанды киімді киіп жүрудің тәртібі және қамтамасыз ету нормасы, сондай-ақ сыныптық шендерді немесе әскери атақтар беру және олардан айыру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін **Прокуратура** органдарында қызмет өткеру туралы ережемен белгіленеді.

5. Сыныптық шендері немесе әскери атақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыныптық шендері үшін қосымша ақы немесе әскери атақтары бойынша айлықақы белгіленеді.

Прокуратура органдары қызметкерлерін құқықтық қорғау

1. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері мемлекеттік өкімет өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Прокурордың заңды талаптарын орындамау, прокурорды немесе оның отбасы мүшелерін оның қызмет бабындағы жұмысына байланысты қорлау, қорқыту, күш көрсету немесе олардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғу, прокурордың қызметтік міндетін орындауына кедергі келтіретін басқа да әрекеттер заңда белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

3. Прокурор жасаған әкімшілік құқық бұзу фактісі туралы хабарды кез келген тексеру **прокуратура** органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

4. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, прокурорды әкімшілік жолмен ұстауға, жеке басын тексеріп қарауға, оның заттары мен пайдалануындағы көлігін тексеріп қарауға жол берілмейді.

Атыс қаруын қолдану және арнайы құралдарды пайдалану

1. **Прокуратура** органдары қызметкерлерінің:

1) атыс қаруы мен оқ-дәрілер алуға, өзімен алып жүруге және сақтауға;

2) Республиканың Бас Прокуроры белгілеген тәртіппен қажетті қорғаныс пен аса керек жағдайларда атыс қаруын қолдануға құқығы бар.

2. Қару қолданған барлық жағдайларда **прокуратура** органының қызметкері айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету және жоғары тұрған прокурорға хабарлау үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Еңбекті құқықтық реттеу

Мыналардың:

1) **прокуратура** органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары осы Заңда, **Прокуратура** органдарында қызметтен өту туралы ережеде, сондай-ақ, осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының **еңбек заңнамасымен** реттеледі;

2) **прокуратура** органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Прокуратура қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру

1. **Прокуратура** органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

2. **Прокуратура** органдарының қызметкерлеріне жыл сайын күнтізбелік отыз күн мөлшерінде еңбек демалысы беріледі.

3. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын алаңмен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

4. Күнтізбелік он жылдан астам қызмет атқаратын **прокуратура** органдары қызметкерлерінің тұрақты тұрып жатқан қызметтік үй-жайлары осы аталған қызметкерлердің қалауы бойынша оларға және олардың отбасыларына жалға алу шарты бойынша беріледі немесе жеке меншігіне қалдық құны бойынша сатылады.

5. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері басқа үй-жай берілмейінше, қызметтік үй-жайларынан шығарылуға тиіс емес.

6. **Прокуратура** органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күннен бастап бір

жылдан кешіктірілмей, заңда белгіленген шарт пен тәртіп бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

7. **Прокуратура** органының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе қызметтен босағаннан кейін бір жыл ішінде қызметтік міндетін атқару кезіндегі мертігудің немесе жарақаттың салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен соңғы атқарған қызметіндегі алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

Осы баппен көзделген бір жолғы өтемді есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат лауазымдық айлықақыдан және сыныптық шені үшін (әскери атағы бойынша) қосымша ақыдан (айлықақыдан) тұрады.

8. **Прокуратура** органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері Республика Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық қызметті пайдаланады.

9. **Прокуратура** органдарының мамандары мен жұмысшыларынан басқа қызметкерлерінің:

2) қызметтік және іссапар куәлігін көрсете отырып, көліктің барлық түріне кезектен тыс жүріп-тұру құжаттарын және қонақүйлерде тұру үшін орын алуға құқығы бар.

10. **Прокуратура** органдары қызметкерінің лауазымынан зейнет демалысына шығып, қайтыс болған немесе қаза тапқан **прокуратура** органдарының қызметкерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық үлесі мөлшерінде біржолғы ақшалай өтем төленеді.

11. **Прокуратура** органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы қызмет стажы

1. **Прокуратура** органдарындағы қызмет (жұмыс) мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады. Арнаулы қызмет (жұмыс) стажына **прокуратура** органдарындағы қызметтен (жұмыстан) басқа:

1) Қарулы Күштердегі, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және басқа да құқық қорғау органдарындағы;

2) сот органдарындағы;

3) мемлекеттік қызметте болған қызмет (жұмыс);

4) заң мамандығы бойынша ғылыми және педагогтік жұмыс;

5) өкілді биліктің мемлекеттік органдарындағы сайланбалы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі.

Прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметінің өзге де мәселелері

Прокуратура органдарын қаржыландыру

Қазақстан Республикасының **прокуратура** органдарын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мөр мен куәліктер

1. Республиканың Бас Прокурорына, оның орынбасарларына белгіленген үлгідегі куәлікті Республика Президенті береді.

2. Республиканың Бас Прокуроры, облыстардың прокурорлары қарауындағы қызметкерлерге белгіленген үлгідегі куәліктерді береді.

3. Республика Бас **прокуратурасының** және оған бағынысты **прокуратуралардың** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрлері, Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде тиісті шоттары болады.

